

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Алға ауданының білім бөлімі» ММ  
«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы  
ППКҚ отырысының № 2 хаттамасы**

19.01.2026

Төрағасы: Балмаганбетова Р.Ж

Хатшысы: Белан А.А

Қатысқандар: Алдашова Ж.Ә –әдіскер

Қошқарбаева А.А - медбике

Касанова С.Т - тәрбиеші

Күн тәртібінде:

1. ЕББҚ бар баланың ата анасымен кездесу.
2. ЕББҚ балалардың ата-аналарына кеңес беру.

1. Әдіскер Ж. Алдашова тәрбиеленушілерге көрсетілетін психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі туралы айтып өтті. Балабақшада ПМПК қорытындысы бар 1 тәрбиеленуші барын хабарлады. ЕББҚ бар тәрбиеленушінің ПМПК қорытындысы ескеріліп, олармен психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда есте сақтау қабілетінің төмендігі, сөйлеу дамуының нашарлығы ескеріліп, бейімделген бағдарлама құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Баламен жұмыс барысында жас және жеке даму ерекшеліктері ескеріліп, оқу процесіне бейімдеу, күн тәртібінің сақталуы, психологиялық қолдау көрсетудің маңыздылығы түсіндірілді. Сонымен қатар ЕББҚ бар баланың тәрбиесінде балабақша мен отбасы ынтымақтастығының ролі зор
2. Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Касанова С.Т сөз сөйледі. ПМПК қорытындысы бар тәрбиеленушімен жүргізілетін жұмыстар атап айтқанда қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы, педагогтың міндеттері туралы ақпарат берді. Тәрбиеленушінің топтағы өзге балалармен қарым-қатынасы, бейімделу деңгейі жақсы нәтиже көрсетіп келе жатқанын атап өтті.

ПМПК қорытындысы бар тәрбиеленуші Мұхтаров Бексұлтан жылдың басына қарағанда бейімделу деңгейі біршама жақсарды, тәрбиешінің нұсқаулығын орындайды, құрдастарымен қарым қатынасы жақсы .


әсіресе қимыл-қозғалысты ойындарды ұнатады, эстафета, жарыс секілді ойын жарысқа белсене қатысады.

Тәрбиеші Касанова С.Т сонымен қатар дамуы тежелген балалармен жұмысты жүйелі жан-жақты жүргізгенде ғана оң нәтиже беретінін айтты. Баламен қарым-қатынас кезінде ата-аналар тарапынан сабырлық, шыдамдылық керегін, баланың мүмкіндіктерін ескере отырып талап қою маңызды екенін түсіндірді.

Қаулы:


1. ЗПР диагнозы бар тәрбиеленушілердің ата-аналарына педагогикалық-психологиялық қолдау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
2. Ата-аналарға үй жағдайында жүргізілетін жұмыстарға кеңес бере отырып, бақылау.

Төраға:



Балмаганбетова Р.Ж

Хатшы:



Белан А.А